

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 09.09.2025ж

Қатысқандар: 7 адам

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасын сайлау.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысын сайлау.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Кеңес мүшелері Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасын сайлау мәселесін қарады. Кеңес төрағалығына әдіскер Садуахасова Ж.Е. кандидатурасы ұсынылды.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕСІ:

- «Қолдады» – 6 дауыс.
- «Қарсы» – дауыс жоқ
- «Қалыс қалды» – дауыс жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы болып әдіскер Садуахасова Жанат сайлансын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша Кеңес мүшелері Кеңестің хатшысы қызметіне кандидатурасын ұсынды.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕСІ:

- «Қолдады» – 7 дауыс.
- «Қарсы» – дауыс жоқ.
- «Қалыс қалды» – дауыс жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы болып балабақша бухгалтері ????? сайлансын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрағасы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасын таныстырды және бір ауыздан жылдық жоспарды мақұлдады

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары балабақша меңгерушісінің бекітуіне ұсынылсын.
5. Кеңес отырыстары бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.
6. Қажет болған жағдайда жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін.

Кенес төрағасы: Садуахасова Ж.Е.

Кеңес хатшысы:



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 16.10.2025ж

Қатысқандар: 7 адам

Қатыспағандар: жоқ.

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталу деңгейін анықтау»
(Сауалнама)

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрағасы әдіскер Садуахасова Жанат педагогтер арасында жүргізілген «Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталу деңгейін анықтау» сауалнамасының қорытындысымен таныстырды. Сауалнамаға 7 педагог қатысты. Нәтижесінде педагогтердің басым көпшілігі педагогикалық әдеп қағидаларын сақтайтыны, балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста кәсіби мәдениетті ұстанатыны анықталды. Сонымен бірге әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті мен кәсіби коммуникация мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жалғастыру ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Сауалнама нәтижесі назарға алынсын.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру және алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Сауалнама нәтижелері Әдеп жөніндегі кеңестің жылдық қорытынды есебіне енгізілсін.

Кеңес төрағасы: Садуахасова Ж.Е.

Кеңес хатшысы:



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 13.11.2025ж

Қатысқандар: 7 адам

Тақырыбы: «Ата-аналармен қарым-қатынас этикасы»

Күн тәртібі:

1. Ата-аналармен тиімді байланыс.
2. Қақтығыстардың алдын алу.
3. Педагогтің сөйлеу мәдениеті.

1. Ата-аналармен тиімді байланыс

Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы талқыланды. Өзара сенімге негізделген байланыс орнату, ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді тарту, ақпаратты уақытылы және сыпайы түрде жеткізу қажеттілігі айтылды.

Қаулы:

Ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнату және ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.

2. Қақтығыстардың алдын алу

Білім беру ұйымындағы қақтығыстардың алдын алу жолдары қарастырылды. Даулы жағдайларды сабырмен, заң талаптары мен педагогикалық әдеп қағидаларын сақтай отырып шешу, өзара құрмет пен түсіністікке негізделген қарым-қатынас қалыптастыру қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы:

Қақтығыс жағдайларының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

3. Педагогтің сөйлеу мәдениеті

Педагогтің кәсіби сөйлеу мәдениетінің маңызы талқыланды. Мұғалімнің сөзі сауатты, анық, сыпайы және этикалық талаптарға сай болуы, білім алушылармен,

ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдеби тіл нормаларын сақтауы қажеттігі айтылды.

Қаулы:

Педагогтерге сөйлеу мәдениетін жетілдіру және кәсіби қарым-қатынаста әдеби тіл мен педагогикалық әдеп нормаларын сақтау ұсынылсын.

Шешім:

- Ата-аналармен қарым-қатынаста әдептілік сақтау.
- Кері байланысты тиімді ұйымдастыру.

Кеңес төрағасы: Садуахасова Ж.Е.

Кеңес хатшысы:



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 10.12.2025ж

Қатысқандар: 7 адам

Тақырыбы: «Әлеуметтік желідегі әдеп мәселелерін талқылау»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлеуметтік желідегі жауапкершілік.
2. Қызметтік ақпараттың құпиялығы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Кеңес төрағасы педагогтердің әлеуметтік желілерді пайдалану кезіндегі кәсіби жауапкершілігі туралы ақпарат берді. Педагогтің әлеуметтік желідегі жарияланымдары мен пікірлері педагогикалық әдеп нормаларына, заңнама талаптарына және білім беру ұйымының беделіне сәйкес болуы қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың жеке деректерін рұқсатсыз жарияламау, жалған немесе расталмаған ақпаратты таратпау қажеттілігі түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Педагогтер әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдеп қағидаларын және қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтасын. Балалардың және ата-аналардың жеке мәліметтері мен фотосуреттерін заң талаптарына сәйкес және тиісті келісім болған жағдайда ғана жариялау қамтамасыз етілсін. Білім беру ұйымының іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жарияланымдар мен пікірлерге жол бермеу туралы педагогтерге түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

ШЕШІМ:

- Әлеуметтік желіде әдеп нормаларын сақтау.
- Педагог беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша Кеңес төрағасы қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау педагогтің кәсіби міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Педагогтерге тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және қызметкерлердің жеке деректерін қорғау, қызметтік құжаттар мен ішкі ақпаратты үшінші тұлғаларға таратпау, сондай-ақ қызметтік мәселелерді әлеуметтік желілерде немесе көпшілік алдында жарияламау қажеттігі түсіндірілді. Қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларын сақтау міндетті екендігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Педагогтер қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтап, жеке және қызметтік мәліметтердің үшінші тұлғаларға заңсыз жариялануына жол бермесін. Тәрбиеленушілерге, ата-аналарға және қызметкерлерге қатысты ақпаратты тек қызметтік қажеттілік шегінде және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес пайдалануды қамтамасыз етсін.

Кеңес төрағасы: Садуахасова Ж.Е.

Кеңес хатшысы:



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №5 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 23.01.2025ж

Қатысқандар: 7 адам

Тақырыбы: «Ұжымдағы психологиялық ахуалды зерделеу»

Күн тәртібі:

1. Психологиялық жайлылық.
2. Әріптестермен қарым-қатынас.
3. Эмоциялық мәдениет.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Кеңес мүшесі тәрбиеші Бухарбаева Роза білім беру ұйымында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Педагогтердің өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты сақтауы, әріптестеріне қолдау көрсетуі және тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды сақтау бойынша жұмыстарды тұрақты жүргізу.
2. Педагогтердің өзара қолдау көрсету және сыйластық қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша Кеңес мүшесі музыка жетекшісі Назарова Арайлым әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынас өзара құрметке, әдептілікке және ынтымақтастыққа негізделуі тиіс екенін айтты. Қызметтік міндеттерді орындау барысында дау-дамайға жол бермеу және бірлескен жұмыс мәдениетін қалыптастыру қажеттігі түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Әріптестер арасында өзара құрмет пен іскерлік қарым-қатынасты сақтау.
2. Даулы мәселелерді педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес сындарлы түрде шешуге ұмтылу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша Кеңес мүшесі Болатова Нияля педагогтің эмоциялық мәдениеті кәсіби қызметтің маңызды бөлігі екенін атап өтті. Педагогтердің кез келген жағдайда сабырлылық танытуы, эмоцияларын басқара білуі, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен сыпайы әрі әдепті қарым-қатынас жасауы қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің эмоциялық мәдениетін дамытуға және жағымды қарым-қатынас орнатуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.
2. Қызмет барысында сабырлылықты, әдептілік пен педагогикалық этика талаптарын сақтау.

Кеңес төрағасы: Садуахасова Ж.Е.

Кеңес хатшысы:



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №6 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 10.02.2026ж

Қатысқандар: 7 адам

«Педагогтің кәсіби имиджі» тақырыбындағы семинар

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер, Садуахасова жанат «Педагогтің кәсіби имиджі» тақырыбында семинар өткізді.

Семинар барысында педагогтің кәсіби имиджі – оның сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, кәсіби біліктілігі, әдепті мінез-құлқы, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау мәдениеті арқылы қалыптасатыны түсіндірілді.

Сонымен қатар педагогтің жағымды кәсіби имиджі білім беру ұйымының беделін арттыруға, ата-аналардың сенімін нығайтуға және тәрбиеленушілер үшін үлгі болуға ықпал ететіні атап өтілді. Семинар барысында педагогтің қызметтік этиканы сақтау, іскерлік киім үлгісін ұстану, сөйлеу мәдениетін жетілдіру және әлеуметтік желілерде кәсіби жауапкершілік таныту мәселелері бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшелері семинардың мазмұны өзекті екенін атап өтіп, педагогтің кәсіби имиджі оның жеке беделімен қатар, балабақшаның оң имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын айтты. Педагогтер өзара тәжірибе алмасып, кәсіби этика талаптарын тұрақты сақтаудың маңыздылығын қолдады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Педагогтің кәсіби имиджі» тақырыбындағы семинар материалы назарға алынсын.
2. Педагогтер күнделікті қызметінде педагогикалық әдеп қағидаларын, сөйлеу мәдениетін және іскерлік киім үлгісіне қойылатын талаптарды сақтасын.
3. Әлеуметтік желілерде педагогтің кәсіби беделін нығайтуға бағытталған этикалық нормалар қатаң сақталсын.
4. Әдіскерге педагогтердің кәсіби имиджін дамытуға бағытталған семинарлар мен тәжірибе алмасу іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастыру тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



Садуахасова Ж.Е.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 7 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27.03.2026ж

Қатысқандар: 7 адам

Тақырыбы: «Педагогтердің құқықтық сауаттылығы бойынша кеңес»

Күн тәртібі:

1. Педагог мәртебесі.
2. Құқықтық сауаттылық.
3. Әдеп нормаларының сақталуы.

1-мәселе. Педагог мәртебесі

Тыңдалды: Кеңес төрағасы педагог мәртебесін сақтау – әрбір педагогтің кәсіби міндеті екенін атап өтті. Педагогтің қоғамдағы беделі оның кәсіби құзыреттілігіне, жауапкершілігіне, мәдениетті қарым-қатынасына және қызметтік әдепті сақтауына байланысты екендігі айтылды. Педагог өз қызметінде тәрбиеленушілердің құқықтарын құрметтеп, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатуы қажет екендігі түсіндірілді.

Қаулы:

- Педагог мәртебесін арттыруға бағытталған кәсіби және этикалық талаптарды қатаң сақтау;
- Педагогтің оң имиджін қалыптастыру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

2-мәселе. Құқықтық сауаттылық

Тыңдалды: Педагогтердің білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, қызметтік міндеттерін және еңбек заңнамасының талаптарын білуінің маңыздылығы талқыланды. Құқықтық сауаттылық еңбек тәртібін сақтауға, заң талаптарын дұрыс орындауға және кәсіби қызмет барысында туындайтын мәселелердің алдын алуға ықпал ететіні атап өтілді.

Қаулы:

- Педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттармен тұрақты танысуын қамтамасыз ету;
- Құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде өткізу.

3-мәселе. Әдеп нормаларының сақталуы


Тыңдалды: Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәселесі қарастырылды. Педагогтердің қызмет барысында әдептілік, сыпайылық, әділдік және кәсіби жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алуы, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдеп нормаларын бұзуға жол бермеуі қажеттігі айтылды.

Қаулы:

- Педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтау;
- Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жалғастыру;
- Ұжымда өзара құрмет пен қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал ету.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



Садуахасова Ж.Е.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №8 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 28.04.2026ж

Қатысқандар: 7 адам

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары»

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары түсіндірілді. Білім беру ұйымдарында ашықтық, адалдық, әділдік және заңдылық қағидаларын сақтау – әрбір қызметкердің міндеті екені атап өтілді.

Сонымен қатар педагогтерге қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға, сыйлықтар мен заңсыз материалдық игіліктерді қабылдауға, қызметтік жағдайын пайдаланып қандай да бір артықшылықтар жасауға жол берілмейтіні түсіндірілді. Ата-аналармен қарым-қатынаста заң талаптарын сақтау, демеушілік және қайырымдылық көмекті тек қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кенес мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір қызметкердің азаматтық және кәсіби жауапкершілігі екенін атап өтті. Педагогтер білім беру ұйымында ашықтықты, әділдікті және педагогикалық әдепті сақтау бойынша жұмыстарды тұрақты жүргізу қажеттігін қолдады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақша қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтасын.
2. Ұжымда адалдық, ашықтық және әділдік қағидаларын нығайтуға бағытталған түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Ата-аналармен өзара қарым-қатынаста заңдылық пен педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:
Кеңес хатшысы:



Садуахасова Ж.Е.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №8 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 19.05.2026ж

Қатысқандар: 7 адам

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Жылдық жұмысты қорытындылау»

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Садуахасова Ж. 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.

Есеп барысында Әдеп жөніндегі кеңестің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес барлық жоспарланған іс-шаралардың толық орындалғаны айтылды. Оқу жылы ішінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру және ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойы кеңестің жоспарлы отырыстары өткізілді. Онда педагогикалық әдеп, сөйлеу мәдениеті, педагогтің кәсіби имиджі, әлеуметтік желілердегі жауапкершілік, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас, эмоциялық мәдениет, қызметтік ақпараттың құпиялылығы, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және педагогтің сыртқы келбетіне қойылатын талаптар сияқты өзекті мәселелер қаралды.

Жоспарға сәйкес семинарлар, дөңгелек үстелдер, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Педагогтер арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижелері талданып, тиісті ұсыныстар берілді. Жүргізілген жұмыстар педагогтердің педагогикалық әдеп талаптарын сақтауға деген жауапкершілігін арттыруға және ұжымда жағымды жұмыс ортасын қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

Оқу жылы ішінде педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын бұзу фактілері тіркелген жоқ. Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы жоспарға сәйкес орындалды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшелері жыл бойы атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, өткізілген іс-шаралардың педагогтердің кәсіби мәдениетін дамытуға және ұжымдағы өзара сыйластықты нығайтуға ықпал еткенін атап өтті. Келесі оқу жылында

педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, педагогикалық әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы **қанағаттанарлық** деп бағалансын.
2. Жылдық жұмыс туралы есеп бекітілсін.
3. Келесі оқу жылында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша алдын алу және түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби мәдениетін, құқықтық сауаттылығын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жылдық жоспарға енгізілсін.
5. Әдеп жөніндегі кеңестің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленіп, белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынылсын.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



Садуахасова Ж.Е.

